

**9-шы сабақ
ӨЗІМІЗГЕ КҮТІМ КӨРСЕТУДІ
ҰМЫТПАЙ, ПРОБЛЕМАЛАРДЫ
ҚАЛАЙ ШЕШУ КЕРЕК?**

Маман нұсқаулығы 9

***Баланы
дамытуды
үйренеміз***

**ДДСҰ “Caregiver
Training Skills”
(балаларға күтім
көрсетуді үйрету)
бағдарламасын
Қазақстан
Республикасы үшін
бейімдеу аясында
ҚР ЕХӘҚМ ӘОД ҒПО,
ҚР ДСМ РПДҒПО
және ЮНИСЕФ
бірлесіп әзірлеген**

9-САБАҚ

ӨЗІМІЗГЕ КҮТІМ КӨРСЕТУДІ ҰМЫТПАЙ, ПРОБЛЕМАЛАРДЫ ҚАЛАЙ ШЕШУ КЕРЕК?

Қажетті материалдар мен жабдықтарды дайындаңыз

1	Маман нұсқаулығы 9;	Әр маманға 1-ден
2	Ата-аналарға арналған буклет. 9-ші сабақ;	Әр ата-анаға 1-ден
3	Ата-аналарға арналған жадынама;	Әр ата-анаға 1-ден
4	Ата-аналардың жұмыс дәптері;	Әр ата-анаға 1-ден
5	Флипчарт, флипчартқа арналған қағаз, қағазға арналған фломастер немесе бор тақтасы, бор немесе маркер тақтасы, тақтаға арналған маркер;	Егер флипчарт қолдансаңыз – 5-10 парақ қағаз қажет;
6	Сабақ барысында уақытты бақылауға арналған сағат немесе таймер;	1
	Курсты салтанатты аяқтау үшін: <ul style="list-style-type: none">• Шағын шай ішу рәсіміне арналған қажеттінің барлығы;• Сертификаттар (егер сізді оқыту барысында жоспарланған болса);	

9-САБАҚТЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ

Сабақ соңына қарай ата-аналар:

I. Алдыңғы сабақтарда меңгерген білімді және дағдыларды ПЫСЫҚТАУЫ тиіс:

- 1) Дағдыны қарыс қадамдарға бөлу және балаға әр кез бір қарыс қадамнан үйрету;
- 2) Балаға дағдыларды өз бетінше орындауды үйрету үшін ең аз қажетті көмекті көрсету;
- 3) Балаға түсінікті және бірізді нұсқаулар беру және талпыныстары үшін мақтау;
- 4) Өзіңізден сұрау: мен балама басқа қадамды үйрете аламын ба?

II. Негізгі ақпаратты ТҮСІНУІ тиіс:

- 1) Ата-аналар оқыту барысында қандай жетістіктерге жетті және ары қарайғы жоспарлары қандай?
- 2) Өзімізге күтім жасау маңыздылығын түсіну?
- 3) Өзімізге күтім жасаудың негізгі әдістерін түсіну: жақындарымыздың қолдау көрсетуінің маңыздылығы, маңызды әрі ұнамды істерге қатысу?
- 4) Өзімізге көмектесу үшін проблемаларды қалай шешу керек?
- 5) Оқыту бағдарламасы аяқталғаннан кейін де жұмыс істей беруі үшін бала меңгеріп үлгерген дағдылар аясын қалай кеңейту керек?

III. ДАҒДЫЛАРДЫ МЕҢГЕРУІ тиіс:

- 1) КӨРСЕТ және АЙТ әдісін қолдану және жаңа қадамдар қосып отыру арқылы бала меңгеріп үлгерген дағдылар аясын кеңейту;
- 2) Баланың мүмкіндіктерін кеңейту үшін екі күнделікті істі біріктіру;

2



САБАҚ КЕСТЕСІ

	УАҚЫТЫ	МАЗМҰНЫ	БЕТ
1	5 минут	<u>Босансуға арналған қысқа жаттығу;</u>	4
2	20 минут	<u>Сегізінші сабақтың негізгі хабарламаларына және ұсынымдарына шолу жасау. Үй практикасына шолу жасау. 9-сабаққа кіріспе;</u>	4
3	15 минут	<u>Жетістіктеріңізге көз тастаңыз және келесі қадамыңызды анықтаңыз;</u>	6
4	20 минут	<u>Алға жүруді жалғастырамыз: күнделікті істер көлемін кеңейтеміз және оларды өзара байланыстырамыз;</u>	9
5	15 минут	<u>Розаның оқиғасы: Өзімізге күтім көрсетуді үйренеміз;</u>	13
	15 минут	<u>Үзіліс;</u>	
6	15 минут	<u>Өзімізге күтім жасау;</u>	16
7	20 минут	<u>Розаның оқиғасы: Проблемаларды шешу;</u>	18
8	20 минут	<u>Сабақтарға шолу жасау және үй практикасының жоспары;</u>	23
Уақыт = үзіліске дейін 75 минут және үзілістен кейін 55 минут.			
<p><u>Қосымша: қатысу туралы сертификаттарды тапсыру (15 минут).</u> <u>Ескертпе: егер сіз оқыту барысында сертификат тапсыруды жоспарлаған болсаңыз.</u></p>			24

1. БОСАҢСУҒА АРНАЛҒАН ҚЫСҚА ЖАТТЫҒУ (5 минут)
(қараңыз: Маман нұсқаулығы, жалпы мәселелер, 5 бет)

2. СЕГІЗІНШІ САБАҚТЫҢ НЕГІЗГІ ХАБАРЛАМАЛАРЫНА ЖӘНЕ ҰСЫНЫСТАРЫНА ШОЛУ ЖАСАУ. ҮЙ ПРАКТИКАСЫНА ШОЛУ ЖАСАУ. 9-САБАҚҚА КІРІСПЕ (20 минут)

Сегізінші сабақтың негізгі хабарламаларына және ұсыныстарына шолу жасау

№1 негізгі хабарлама

СІЗДІҢ КӨМЕГІҢІЗБЕН МАШЫҚТАНА ОТЫРЫП, БАЛА КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРГЕ АРНАЛҒАН ЖАҢА ДАҒДЫЛАРДЫ ҮЙРЕНЕ АЛАДЫ

№1 ұсыныс	№2 ұсыныс	№3 ұсыныс	№4 ұсыныс
ДАҒДЫНЫ ҚАРЫС ҚАДАМДАРҒА БӨЛІҢІЗ ЖӘНЕ ӘР ЖОЛЫ БАЛАҒА БІР ҚАРЫС ҚАДАМДЫ ҮЙРЕТІП ОТЫРЫҢЫЗ;	БАЛАҒА ДАҒДЫЛАРДЫ ӨЗ БЕТІНШЕ ОРЫНДАУДЫ ҮЙРЕТУ ҮШІН ОҒАН ЕҢ АЗ ҚАЖЕТТІ КӨМЕКТІ КӨРСЕТІҢІЗ;	БАЛАҒА ТҮСІНІКТІ ЖӘНЕ БІРІЗДІ НҰСҚАУЛАР БЕРІҢІЗ ЖӘНЕ ӘР ТАЛПЫНЫСЫ ҮШІН МАҚТАҢЫЗ;	ӨЗІҢІЗДЕН СҰРАҢЫЗ: БАЛАМА БАСҚА ҚАДАМДЫ ҮЙРЕТЕ АЛАМЫН БА?

4


Айтыңыз:	<ul style="list-style-type: none"> • Соңғы сабақта әрбіріңіз 3 көмек деңгейін пайдалана отырып, қарыс қадамдар бойынша баламен бірге машықтанатын күнделікті істі таңдадыңыздар; • Өтінемін, ойланыңыздар, мақсаттарыңыз қандай еді және бәрі қалай өтті; • Өтінемін, топтағылармен үй практикаңызбен бөлісіңіздер;
?	<ul style="list-style-type: none"> • Балаңызбен бірге қандай күнделікті істі орындадыңыздар? • Баланы үйрету үшін қандай қарыс қадамды таңдадыңыз?

	<ul style="list-style-type: none"> • <i>Сол қадамды орындау кезінде балаға қандай көмек деңгейін көрсеттіңіз?</i> <div style="text-align: center;"> <p>КӨРСЕТ ЖӘНЕ АЙТ, тағы 1 рет ҚАЙТАЛА (егер бала орындамаса)</p> <p>Шағын немесе ішінара физикалық көмек (қадамды бастау немесе аяқтау үшін)</p> <p>Үлкен немесе толық физикалық көмек (қадамды басынан аяғына дейін тұтас орындау үшін)</p> </div> <ul style="list-style-type: none"> • <i>Үй тапсырмасы бойынша қандай да бір сұрақтарыңыз бар ма?</i>
<ul style="list-style-type: none"> • Ата-аналарды үй практикасына күш жұмсағаны үшін мақтаңыз. Тәжірибесімен бөліскенде қолпаштаңыз: жағымды болсын, жағымсыз болсын; • Бәріне ойындағысын айтуға мүмкіндік беріңіз (бір адамға тым ұзақ сөйлеуге мүрсат бермеңіз); • Бір-біріне қолдау көрсетуге және ұсыныс беруге ынталандырыңыз. Мысалы, алдымен басқалардан проблеманы шешу үшін не ұсына алатынын сұраңыз, өзіңіз жылдам жауап бермеңіз; • Уақытты қадағалаңыз, тақырып ауысқанға дейін бір минут бұрын ата-аналарға ескертіңіз; 	

9-сабаққа кіріспе

<p>Айтыңыз:</p>	<p><i>Біз тоғызыншы сабаққа көшеміз.</i></p> <p><i>Ата-аналарға арналған буклеттің 3-бетін ашыңыз.</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • <i>Бүгін біз бағдарламаларды зерделеу барысында жеткен жетістіктеріңізді қарастырамыз;</i> • <i>Сонымен қатар келесілерді білеміз:</i> <ul style="list-style-type: none"> ○ <i>Дағдыларды машықтауды қалай жалғастыру керек және қалай жаңа мақсаттар қою керек;</i> ○ <i>Стрестен қалай құтылу керек және балаға күтім көрсететін адамға өзін қалай күту керек;</i> ○ <i>Туындайтын проблемалардың шешімін қалай табу керек;</i>
------------------------	---

3. ЖЕТІСТІКТЕРІҢІЗГЕ КӨЗ ТАСТАҢЫЗ ЖӘНЕ КЕЛЕСІ ҚАДАМЫҢЫЗДЫ АНЫҚТАҢЫЗ (15 МИНУТ)

<p>Айтыңыз:</p>	<ul style="list-style-type: none"> • <i>Өткен сегіз сабақ ішінде сіздер балаларыңызға көмектесу үшін қыруар жұмыс атқардыңыздар;</i> • <i>Құттықтаймын, сіздер табанды еңбек еттіңіздер!</i> • <i>Сіздер және балаларыңыз жақсы нәтиже көрсеттіңіздер!</i> • <i>Ойланып көрейікші, қандай жетістіктерге жеттіңіздер?</i> <p><i>Қазір мен сіздерге осы курс шеңберіндегі мақсаттарыңыз туралы сұрақ қоямын.</i></p> <p><i>Өз жауаптарыңыз туралы ойлануға 1 минут уақыттарыңыз болады. Барлығы 4 сұрақ болады. Әркім үнсіз ойлануы және өзіне жауап беруі үшін тыныштықты сақтаймыз. Бұл – дербес жұмыс. Сіздерге жауаптарыңызбен топпен бөлісу тиіс емессіздер.</i></p>
	<p><i>Флипчартқа немесе тақтаға келесіні салыңыз:</i></p> <div style="text-align: center;">  </div>
<p>Айтыңыз:</p>	<ul style="list-style-type: none"> • <i>Бағдарлама басында бірінші үйге бару кезінде балаңыз үшін белгілеген мақсаттарды есіңізге түсіріңіз;</i> • <i>Осы бағдарламаға келіп, үй тапсырмаларын орындап, нені жақсартуға үміттенгеніңіз туралы ойланыңыз;</i> • <i>Жұмыс жасауға бел бұған күнделікті өмір дағдысы туралы, қарым-қатынас жасау дағдыларын және жағымсыз мінез-құлықты жақсарту үшін қойған мақсаттарыңыз туралы және зейін қойған қарыс қадам туралы ойланыңыз;</i>
<p style="font-size: 2em; color: green;">?</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. <u>Сол мақсаттарды жүзеге асыруда қандай нәтижеге жеттіңіз?</u> Ата-аналар асықпай ойланып алуы үшін 1 минутқа кідіріс жасаңыз. 2. <u>Мақсаттарыңызға жетуде қандай қиындықтарға тап болдыңыз?</u> Ата-аналар асықпай ойланып алуы үшін 1 минутқа кідіріс жасаңыз. 3. <u>Өзіңіз жұмыс жасаған күнделікті істердің шеңберінен тыс немесе мақсаттарыңызға кірмеген өзге салаларда қандай да бір ілгерілеуді байқадыңыз ба?</u> Ата-аналар асықпай ойланып алуы үшін 1 минутқа кідіріс жасаңыз.

	<p>4. <u>Келесі қадамдарыңыз қандай болады? Мақсаттарыңызға жету үшін күнделікті істерге баланы қатыстыруды қалай жалғастыратын боласыз?</u></p> <p>Ата-аналар асықпай ойланып алуы үшін 1 минутқа кідіріс жасаңыз.</p>																
Айтыңыз:	<p><i>Біз үшін МАҢЫЗДЫ МАҚСАТ – бала өтініп немесе бөлісе алуы үшін қарым-қатынас жасаудың белгілі бір деңгейіне жету.</i></p>																
	<p>Флипчартқа немесе тақтаға келісіні салыңыз.</p> <p>Қарым-қатынас жасау дағдыларының мақсаттарының кестесі:</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th>Өтіну үшін қарым-қатынас жасау:</th> <th>Бөлісу үшін қарым-қатынас жасау:</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Қарым-қатынас жоқ;</td> <td>Қарым-қатынас жоқ;</td> </tr> <tr> <td>Бір-бірінің көзіне қарау (көзқарас) немесе дене қимылы;</td> <td>Бір-бірінің көзіне қарау (көзқарас) немесе дене қимылы;</td> </tr> <tr> <td> Ым-ишара: - затты алу үшін оған қарай созылу; - затты алу үшін сізді қолыңыздан тартады; - затты алу үшін затқа нұсқайды; </td> <td> Ым-ишара: - бөлісу үшін көрсетеді; - бөлісу үшін нұсқайды; - бөлісу үшін береді; </td> </tr> <tr> <td>Өтіну үшін әр жолы 1 сөзді пайдаланады;</td> <td>Бөлісу үшін әр жолы 1 сөзді пайдаланады;</td> </tr> <tr> <td>Өтіну үшін әр жолы 2 сөзді пайдаланады;</td> <td>Бөлісу үшін әр жолы 2 сөзді пайдаланады;</td> </tr> <tr> <td>Өтіну үшін әр жолы 3 сөзді пайдаланады;</td> <td>Бөлісу үшін әр жолы 3 сөзді пайдаланады;</td> </tr> <tr> <td>Өтіну үшін көп сөздерді, ым-ишараларды және көзқарасты біріктіреді;</td> <td>Бөлісу үшін көп сөздерді, ым-ишараларды және көзқарасты пайдаланады;</td> </tr> </tbody> </table> <p>• <i>Әлі сөйлемейтін балалар үшін біздің бірінші мақсатымыз әрдайым 1 сөз немесе сөзсіз мінез-құлық (бір-бірінің көзіне қарау не ым-ишара) болады;</i></p> <p>• <i>Бала үшін келесі деңгей ол қазір тұрған деңгейден кейін жүретін деңгей болады;</i></p> <p>○ <i>Мысалы, бір-біріңіздің көздеріңізге қараумен жұмыс жасап жүрсеңіздер, келесі қадам ым-ишараларды пайдалану болады;</i></p>	Өтіну үшін қарым-қатынас жасау:	Бөлісу үшін қарым-қатынас жасау:	Қарым-қатынас жоқ;	Қарым-қатынас жоқ;	Бір-бірінің көзіне қарау (көзқарас) немесе дене қимылы;	Бір-бірінің көзіне қарау (көзқарас) немесе дене қимылы;	Ым-ишара: - затты алу үшін оған қарай созылу; - затты алу үшін сізді қолыңыздан тартады; - затты алу үшін затқа нұсқайды;	Ым-ишара: - бөлісу үшін көрсетеді; - бөлісу үшін нұсқайды; - бөлісу үшін береді;	Өтіну үшін әр жолы 1 сөзді пайдаланады;	Бөлісу үшін әр жолы 1 сөзді пайдаланады;	Өтіну үшін әр жолы 2 сөзді пайдаланады;	Бөлісу үшін әр жолы 2 сөзді пайдаланады;	Өтіну үшін әр жолы 3 сөзді пайдаланады;	Бөлісу үшін әр жолы 3 сөзді пайдаланады;	Өтіну үшін көп сөздерді, ым-ишараларды және көзқарасты біріктіреді;	Бөлісу үшін көп сөздерді, ым-ишараларды және көзқарасты пайдаланады;
Өтіну үшін қарым-қатынас жасау:	Бөлісу үшін қарым-қатынас жасау:																
Қарым-қатынас жоқ;	Қарым-қатынас жоқ;																
Бір-бірінің көзіне қарау (көзқарас) немесе дене қимылы;	Бір-бірінің көзіне қарау (көзқарас) немесе дене қимылы;																
Ым-ишара: - затты алу үшін оған қарай созылу; - затты алу үшін сізді қолыңыздан тартады; - затты алу үшін затқа нұсқайды;	Ым-ишара: - бөлісу үшін көрсетеді; - бөлісу үшін нұсқайды; - бөлісу үшін береді;																
Өтіну үшін әр жолы 1 сөзді пайдаланады;	Бөлісу үшін әр жолы 1 сөзді пайдаланады;																
Өтіну үшін әр жолы 2 сөзді пайдаланады;	Бөлісу үшін әр жолы 2 сөзді пайдаланады;																
Өтіну үшін әр жолы 3 сөзді пайдаланады;	Бөлісу үшін әр жолы 3 сөзді пайдаланады;																
Өтіну үшін көп сөздерді, ым-ишараларды және көзқарасты біріктіреді;	Бөлісу үшін көп сөздерді, ым-ишараларды және көзқарасты пайдаланады;																
Айтыңыз:	<p><i>Ата-аналарға арналған буклеттің 4-бетіндегі негізгі хабарламаға қарайық.</i></p>																

№1 негізгі хабарлама

ӨЗІҢІЗ ЖӘНЕ БАЛАҢЫЗ ҮШІН МАҚСАТТАР ҚОЮДЫ ЖАЛҒАСТЫРЫҢЫЗ ЖӘНЕ ЖЕТІСТІКТЕРІҢІЗДІ ҚАДАҒАЛАП ОТЫРЫҢЫЗ

- Назар аударыңыз, қандай әдістер сіз және сіздің балаңыз үшін ең сәтті болды, оларды әрі қарай қолдануды жоспарлаңыз;
- Өзіңізден сұраңыз: балам осы қадамды игергенде келесі қадам қандай болады?
 - Келесі қарым-қатынас жасау дағдысы;
 - Күнделікті дағдының келесі қарыс қадамы;
 - Жағымсыз мінез-құлық кезіндегі келесі міндет;
 - Сіз балаға үйрететін келесі күнделікті әрекет;



4. АЛҒА ЖҮРУДІ ЖАЛҒАСТЫРАМЫЗ:

КҮНДЕЛІКТІ ІСТЕР КӨЛЕМІН КЕҢЕЙТЕМІЗ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТЫРАМЫЗ (20 МИНУТ)

Айтыңыз:	<p><i>Бірнеше апта бойы сіз қайталана беретін күнделікті істермен жұмыс жасадыңыз.</i></p> <p><i>Күнделікті әрекеттер аясын қалай кеңейтуге болады және оларды бала үшін қалай қызықты және көңілді етуге болады?</i></p> <p><i>Балаға сізбен бірге көбірек уақыт өткізуге қалай көмектесуге болады?</i></p> <p><i>Балаға үйрену мүмкіндіктерін қалай беруге болады?</i></p>				
	<p>Күнделікті іс-әрекеттер көлемін қалай кеңейтуге болады?</p> <table border="1" data-bbox="387 645 1398 1016"><tr><td data-bbox="387 645 874 819">Іс-әрекетіңізге жаңа қадам қосу</td><td data-bbox="911 645 1398 819">Материалдарды ауыстыру (мысалы, басқа кітап, басқа текшелер, өнімдер, т.б.)</td></tr><tr><td data-bbox="387 846 874 1016">Орындау ретін өзгерту, мысалы, дәл сол әрекеттерді басқа ретпен орындау</td><td data-bbox="911 846 1398 1016">Әртүрлі әрекеттерді өзара байланыстыру (мысалы, қол жуу, сосын әлденіп алу; тіс тазалау, сосын киіну)</td></tr></table>	Іс-әрекетіңізге жаңа қадам қосу	Материалдарды ауыстыру (мысалы, басқа кітап, басқа текшелер, өнімдер, т.б.)	Орындау ретін өзгерту , мысалы, дәл сол әрекеттерді басқа ретпен орындау	Әртүрлі әрекеттерді өзара байланыстыру (мысалы, қол жуу, сосын әлденіп алу; тіс тазалау, сосын киіну)
Іс-әрекетіңізге жаңа қадам қосу	Материалдарды ауыстыру (мысалы, басқа кітап, басқа текшелер, өнімдер, т.б.)				
Орындау ретін өзгерту , мысалы, дәл сол әрекеттерді басқа ретпен орындау	Әртүрлі әрекеттерді өзара байланыстыру (мысалы, қол жуу, сосын әлденіп алу; тіс тазалау, сосын киіну)				
Айтыңыз:	<p><i>Баламен бірге атқарылатын күнделікті іс-әрекеттер көлемін кеңейтуге арналған идеялар:</i></p> <ul style="list-style-type: none">• <i>Ойын</i><ul style="list-style-type: none">○ <i>Жаңа материалдар қосыңыз;</i>○ <i>Әрекеттеріңізге тағы бір қадам қосыңыз (мысалы, контейнерден тостағандарды шығарып, бірінің үстіне бірін қою керек – соған қадам қосыңыз: тостағандарды қайтадан контейнерге салу керек);</i>• <i>Кітаппен жұмыс жасау</i><ul style="list-style-type: none">○ <i>Басқа кітап;</i>○ <i>Қиынырақ кітап;</i>○ <i>Көбірек сөз оқу;</i>○ <i>Жаңа тақырып;</i>○ <i>Ән қосу;</i>○ <i>Заттар қосу (мысалы, жануаралар туралы кітапты оқуға жануарлардың мүсіншелерін қосу);</i>• <i>Киіну</i><ul style="list-style-type: none">○ <i>Киімді басқа ретпен киіңіздер (мысалы, егер бала бірінші шалбарын киген, енді шұлығын киген);</i>○ <i>Киінуді таңертеңгілік іс-шаралармен біріктіру;</i>○ <i>Киіну аясын кеңейту, оған аяқкиімнің бауын байлауды; сөмкені жинауды; киімді жинауды қосу;</i>• <i>Тамақтану</i><ul style="list-style-type: none">○ <i>Басқа ыдыс, аспаптар, басқа өнімдер пайдалану;</i>○ <i>Қол жууды немесе дастархан жаюды қосу;</i>• <i>Шоғылу</i><ul style="list-style-type: none">○ <i>Суда ойнауды қосу, киінуді қосу, тіс тазалауды қосу;</i>				

ТАЛҚЫЛАУ



Айтыңыз:	<ul style="list-style-type: none">• Қазір екі топқа бөлінеміз;• Әр топ баламен бірге атқарылатын күнделікті істер көлемін кеңейту тәсілдерін талқылауы тиіс;• Үйде балаларыңызбен бірге істейтін (немесе мақсат еткен) күнделікті істерді талқылаңыздар;• Әрқайсыңыз топқа өзіңіз мақсат еткен күнделікті дағды туралы, оның қандай қарыс қадамдардан тұратыны туралы және сол дағды көлемін қалай кеңейтуді жоспарлап отырғаныңыз туралы айтып бересіздер;• Әр топ күнделікті әрекеттер көлемін кеңейту бойынша кем дегенде 4 ұсыныстан тұратын тізім жасауы тиіс;
Барлық идеяларды флипчартқа немесе тақтаға ЖАЗЫҢЫЗ.	
Талқылауды аяқтаңыз:	<ul style="list-style-type: none">- Кейде балалар жаңа қадамдар, жаңа заттар қосуды, әрекеттер ретін өзгертуді немесе күнделікті істерді біріктіруді қабылдамайды;- Ештеңе етпейді! Талпына беруді жалғастыру маңызды;- Бала жаңа әрекеттерді орындай бастағанша сізге күнделікті істер көлемін кеңейтудің көптеген тәсілдерін қолданып көру, бір нәрсені көп рет қайталау қажет болуы мүмкін;
Айтыңыз:	Буклеттің 5-ші және 6-шы беттеріндегі ұсыныстарға қарайық.

№1 ұсыныс

БАЛАНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ КӨЛЕМІН КЕҢЕЙТІҢІЗ: ЖАҢА ҚАДАМДАРДЫ ҚОСУ ҮШІН «КӨРСЕТУ ЖӘНЕ АЙТУ» ӘДІСІН ҚОЛДАНЫҢЫЗ

- Алға жылжу үшін сіздер бірлесіп атқаратын іске жаңа қадам қосу керек болатын кездерді байқап жүріңіз;
- **КӨРСЕТІҢІЗ және АЙТЫҢЫЗ:** қадамды қалай орындау керек екенін көрсетіңіз және сол туралы балаға түсінікті деңгейде айтып беріңіз;

Ойын аясын кеңейту мысалдары:

«Текше жинау» ойынын ойнап жатырсыздар:

- Сол текшелерді басқа тәсілмен қалай жинауға болатынын **КӨРСЕТІҢІЗ**. Сөйлемейтін немесе 1 ғана сөз айтатын балаға «Сарай!» немесе бір сөйлегенде бірнеше сөз айтатын балаға «Біз сарай салдық!» деп **АЙТЫҢЫЗ**;

немесе

- Текшелерден хайуанаттар бағын жасаңыз. **КӨРСЕТІҢІЗ:** хайуанаттар бағының ішіне бір жануарды қойыңыз. Баланың тілдік даму деңгейіне қарай «Лақ!» немесе «Лақ ішінде!» деп **АЙТЫҢЫЗ**;



Күнделікті істерді кеңейту мысалдары:

- Күртені киіп жатып, сыдырмасын қалай жоғары қарай көтеретіңізді **КӨРСЕТІҢІЗ** және баланың тілдік даму деңгейінде «Жабамыз!» немесе «Сыдырманы жабамыз!» деп **АЙТЫҢЫЗ**. Баланы талпынысы үшін мақтаңыз: «Жаптың! Қолыңнан келді!»



№2 ұсыныс

БАЛАНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІН КЕҢЕЙТУ ҮШІН ЕКІ КҮНДЕЛІКТІ ІСТІ БІРІКТІРІҢІЗ

Балаңыз қандай да бір күнделікті істерді өз бетінше орындай алса, 2 дағдыны біріктіріңіз.

Мысалы:

- Егер балаңыз қолын өз бетінше жуа алса, келесі қадам – үстел басына отыру және әлденіп алу («қол жуу» мен «тамақтануды» біріктіру);



- Егер балаңыз тісін өз бетінше тазалай алса, келесі қадам шалбар кию болады («тіс тазалау» мен киінуді» біріктіру);



Ересектер ретінде біз көптеген күнделікті істерді атқарамыз. Егер балаңыз екі немесе одан көп әрекетті өз бетінше орындай алса, сіз оған едәуір тәуелсіз болып үйренуге көмектесе аласыз;

Айтыңыз: *Ата-аналарға арналған буклеттің 7-бетіндегі Розаның оқиғасымен танысайық.*


5. РОЗАНЫҢ ОҚИҒАСЫ: ӨЗІМІЗГЕ КҮТІМ КӨРСЕТУДІ ҮЙРЕНЕМІЗ (15 МИНУТ)

Ата-аналар суреттерге қарайды:

Сіз оқисыз:



Роза қызы Динамен және 4 жасар ұлы Әрсенмен бірге тұрады;



Әрсеннің даму ерекшеліктері бар, оның жиі көңілі бұзылады және айғайлайды.

Әрсен есейген сайын Розаға осындай сәттерді көтеру барған сайын қиын болып барады;



Кейде Роза өзіне былай дейді: «Бәлкім, мен бірдеңені дұрыс жасамай жатқан шығармын?»

Кейде ол былай деп ойлайды: «Оны мінез-құлқы бәрібір нашарлап бара жатса, курста үйренген ұсыныстарды орындауды жалғастырудың қандай мәні бар?»



Уақыт өте келе Роза шаршаңқылықты сезе бастады және ашушаң болып кетті.

Оған ұйықтау да қиын, кейде жылайды.

Басы жиі ауыратын болды және тәбеті де жоғалып кетті;



Бір күні Роза дүкенде құрбысы Сабинаны кездестірді. Сабина онымен сөйлесісі келіп еді, бірақ Роза үйге асығып тұрғанын айтты.


Роза былай ойлады: «Менің әңгімелесіп тұратын уақытым жоқ, үйде істейтін жұмысым көп»;



Роза Әрсенді кезекті психолог қабылдауына апарғанда кезек күтіп отырып жылап жіберді.

Роза басына түскен қиындықтары туралы ешкімнің білгенін қалаған жоқ, сондықтан өзін ыңғайсыз сезінді.

Психолог не болғаны туралы сұрағанда Роза бәрін айтып берді;



Психолог Роза бар қиындықтарын айтып бергеніне қуанышты екенін жеткізді. Ол даму ерекшеліктері бар балалардың ата-аналары қатты стресске шалдығатынын түсіндірді.

Сонымен бірге ол Әрсеннің мінез-құлқы көптеген себептерден нашарлауы мүмкін екенін және бұл Розаның үйренген әдістерін қолдануды тоқтатқаны жән екенін білдірмейтінін де айтты;



Психолог біраз стресс – қалыпты жайт екенін, бірақ қатты стресске немесе ұзақ стресске шалдыққанда ол бүкіл өмірімізге, оның ішінде эмоциялық күйімізге, адамдармен қарым-қатынасымызға және бірдеңе істей алу қабілетімізге айтарлықтай әсерін тигізе алатынын түсіндірді;



Психолог мұндай жағдайда біз өзгерте алмайтын нәрселерді қабылдау өте пайдалы болатынын түсіндірді.

Қабылдау орын алған жағдай сізге ұнайды дегенді білдірмейді. Бұл шын мәнінде не болып жатқанын мойындайтыныңызды, онымен күреспейтініңізді білдіреді;



Психологпен сөйлесу Розаға шынымен өз эмоцияларын және ойларын жақсырақ түсінуге көмектесті.

Ол өзіне соншалық қатал қараудың қажеті жоқ екенін де түсінді;



Розамен кездесіп, сөйлесу үшін психолог келесі қабылдау уақытын тағайындады;

ТАЛҚЫЛАУ



<p>Айтыңыз:</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Күтім көрсететін адамдар өздері көбінесе стреске шалдығады, басқаларға қамқорлық жасаудан қолы босамайтыны соншалық, өздеріне күтім жасауды тоқтатады. Кейде өздеріне уақыт табу қиын болады. • Өз аман-саулығына зейін қою үшін қосымша күш пен қайрат керек. 	
<p>?</p> <p><i>Розадан қандай стресс белгілерін көріп тұрсыз?</i></p>		<p>Ата-аналар стресс белгілерін ажырата алатынына көз жеткізіңіз:</p> <ul style="list-style-type: none"> - көптеген ауыр ойлар; - алаңғасарлық және ұмытшақтық; - проблемаларды шешуден жалтару; - жылауықтық; - бас ауыру; - ұйықтай алмау; - тәбеті төмендеу; - шаршаңқылық; - әлеуметтік оқшаулану;
	<p><i>Қалай ойлайсыз, балаға күтім көрсететін тұлғалар өздеріне күтім көрсету үшін қосымша күш пен қайрат жұмсауы тиіс пе?</i></p> <p><i>Неге?</i></p> <p><i>Осы туралы не ойлайсыз?</i></p> <p><i>Қандай сұрақтарыңыз бар?</i></p>	<p>Талқылау кезінде Розаның оқиғасымен байланысты келесі тұстарды естеріне салыңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Өзіне күтім көрсететіндерде өзгелерге күтім көрсету үшін көбірек күш-қуат болады; • Стресс азырақ болса және қуат көбірек болғанда сізге сабырлы күйде қалу, бірізді болу және балаңызбен жақсырақ әрекеттесу оңайырақ болады – бұл жақсырақ үйренуге септеседі; • Балаға күтім көрсететін адам өзіне күтім жасағанда денсаулығын қорғайды; • Күтім көрсетуші тұлғаларда қаражат немесе уақыт жетпегенде өзіне күтім жасау одан да қиынырақ болуы мүмкін, дегенмен, бұл бүкіл отбасы үшін өте маңызды; • Егер өзіңізді жақсы сезінсеңіз, күтпеген жағдайларды еңсеру оңайырақ болады; • Роза құрбысымен сөйлесу мүмкіндігін жіберіп алды. Оған қоса Роза құрбысымен қарым-қатынасын бұзып алуы мүмкін, ол қолдау алу мүмкіндігінен айырылып қалды;

15

ҮЗІЛІС 15 минут

6. ӨЗІМІЗГЕ КҮТІМ ЖАСАУ (15 МИНУТ)

<p>Түсіндіріңіз:</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Кейде күтім көрсетуші тұлғалар өзіне күтім жасауға уақыт бөлсе, өздерін кінәлі сезінеді; • Отбасына көмектесуге тырысып, өз қажеттіліктерін елемеу – әдеттегі құбылыс; • Розаның оқиғасынан өзімізге күтім жасау тәсілдерін табу және өзімізге солай істеуге мұрсат беру өте маңызды екенін көреміз; • Өзімізге мейірбан болу және өзімізге күтім жасай бастау үшін алдымызға шағын мақсаттар қою маңызды;
<p>?</p>	<p>Өзіңізге күтім көрсету үшін, өз аман-саулығыңызды сақтау үшін және даму ерекшеліктері бар балаға күтім көрсетуден туындауы мүмкін стресті жеңу үшін не істеп жүрсіз?</p>
<p>Ата-аналар өздеріне ҚАЛАЙ және НЕ ҮШІН күтім көрсетуі керек екенін жақсырақ түсінуі үшін қосымша сұрақтар қойыңыз:</p>	
<ol style="list-style-type: none"> 1. Тамақтану туралы сөйлесейік. Жүйелі және сапалы тамақтану тәңізіңізге және ойларыңызға жағымды әсер етеді. <ul style="list-style-type: none"> • Жүйелі тамақтану қолыңыздан келіп жүр ме? Қандай тамақ ішесіз? 2. Күш-қуатты сақтау үшін ұйқы өте маңызды. Тыныш ұйқы стресс деңгейіне және эмоцияларымызға әсер етеді. <ul style="list-style-type: none"> • Сіз үшін ұйқыны қандыру қиындығы маңызды? Ол үшін сіз не істейсіз? 3. Дене жаттығулары да стресспен күресуге көмектеседі әрі тән мен рух жағдайын жақсартады. <ul style="list-style-type: none"> • Сіз спортпен, дене тәрбиесімен шұғылдануға тырысасыз ба? 4. Дін мен рухани өмір көптеген адамдар үшін үлкен мәнге ие. <ul style="list-style-type: none"> • Олар сіздің аман-саулығыңызға көмектесе ме? 5. Басқа адамдар тарапынан өзара байланыс сезімі және қолдау көрсету біздің аман-саулығымыз үшін өте маңызды. Сол байланысты жоғалтып алмау үшін кейде айналамыздағы адамдарға жүгіну маңызды. <ul style="list-style-type: none"> • Өзара байланыс пен қолдауды сезіну үшін кімге жүгіне аласыз? 6. Сіз тұратын жерде қандай топтар немесе жекелеген адамдар сізге қолдау көрсетеді? (мысалы, қоғамдық топтар, бейүкіметтік ұйымдар, әлеуметтік желілер, діни қауымдастықтардың мүшелері, діни көшбасшылар, т.б.). <ul style="list-style-type: none"> • Сізге кіммен қарым-қатынас жасаған пайдалы? 7. Шындықты қабылдау біз орын алған жағдайды мойындайтынымызды және өзіміз өзгерте алмайтын жағдаймен күресуді доғаратынымызды білдіреді. Қабылдау сізге орын алған жағдай ұнайтынын немесе оның дәл осылай өрбігенін қалайтыныңызды білдірмейді. <p>Мысалы, егер Роза баласының дамуда қиындықтары болмауы үшін көп күш жұмсаса, бұл оған көп көмектеспес еді. Егер ол балада сол проблемалар бар екенін мойындаса, содан соң бар қажырын баласының проблемалары жоқ болып кетуі жайлы армандарға жұмсаудың орнына бүкіл қуаты мен күшін оған нақты көмек</p> 	

беруге пайдаланса, көмегі көбірек болады.

- Сіз жағдайды қабылдап көруге, өзіңізге және отбасыңызға не істей алатыныңызға бар күшіңізді жұмылдыруға тырысып көрдіңіз бе? Сол кездерде сізге не көмектесті?
8. Сіз үшін ұнамды істер, мысалы, достармен, туыстармен кездесу, отбасы мүшелерімен бірге уақыт өткізу, кітап оқу, серуендеу, сүйікті фильмдерді көру және басқалары сізге стресті жеңуге және күш-қайратыңызды толтыруға көмектеседі.
- Өзіңізге қандай істермен айналысуға мұрсат бересіз? Қандай істермен шұғылдануға мұрсат берер едіңіз?
9. Сіздің пікіріңізше денсаулығыңызды және аман-саулығыңызды сақтау үшін басқа маңызды нәрселер бар ма?
- **Мүмкін жауаптар:** йога, медитация, зиянды әдеттерден бас тарту (алкоголь/шылым шегу/уытты заттар, т.б.)

- Ата-аналарды өз идеяларымен бөлісуге ынталандырыңыз, пікірталасқа қатысқаны үшін алғыс айтыңыз.

- Келесі әрекетке көшпес бұрын 1 минут бұрын ескертіңіз.

Айтыңыз: 11-беттегі екінші негізгі хабарламаға қарайық.

№2 негізгі хабарлама

ӨЗІҢІЗГЕ КҮТІМ ЖАСАУ СІЗГЕ ЖӘНЕ БАЛАҢЫЗҒА КӨМЕКТЕСЕДІ

- Өзіңізге барынша жақсы күтім жасаңыз, дұрыс тамақтануға, ұйқыңызды қандыруға және денсаулығыңызды ойлауға тырысыңыз;
- Өзіңіз үшін маңызды істермен және сізге ләззат сыйлайтын істермен айналысыңыз;
- Басқа адамдармен қарым-қатынас жасаңыз және олармен байланысты үзбеңіз;



- Өз аман-саулығыңызды басты басымдыққа айналдырыңыз! Балаңызға қолдау көрсете алу үшін өзіңізге күтім жасаңыз!



Әрі қарай жалғастырмас бұрын сұрақтарыңыз бар ма?
Ата-аналарды бір-біріне жауап беруге ынталандырыңыз.


Айтыңыз: Розаның оқигасымен танысуды жалғастырайық. Ол қандай әдістерді өзі үшін пайдалы деп санағанын білейік. Буклеттің 12-бетін қарайық.

7. РОЗАНЫҢ ОҚИҒАСЫ: ПРОБЛЕМАЛАРДЫ ШЕШУ (20 МИНУТ)

Ата-аналар суреттерге қарайды:

Сіз оқисыз:

	<p>Роза клиникадан кетер алдында психолог одан жағдайын жақсарту үшін бір азғантай нәрсені жасауды өтінді. Алдымен Роза күмәнданды, бірақ психолог оның көмегі көп болатынын, сонымен бірге Әрсеннің мінез-құлқын жақсартуға септесетінін айтты. Психолог Розадан өзі үшін мәнді, маңызды істі таңдап, оны орындау үшін нақты жоспар жасауды өтінді, Роза сол күні Сабинаға қоңырау шалатын болып шешті;</p>
	<p>Роза Сабинамен сөйлесіп еді, өзін жақсырақ сезінуге көмегі тиді. Ол құрбысына тіпті Әрсенді тәрбиелеудегі қиындықтар турады да айтып берді, сонда Сабина оған кәдімгідей жігер берді;</p>
 <ul style="list-style-type: none"> • Бір проблема... • Бүгінгі күні өзекті... • Сіз бақылауда ұстай алатын жайттары... 	<p>Психолог адамдарға қиыншылықтарға бола аз алаңдауға көмектесетін проблемаларды шешу техникасын қолданып көретінін айтты. Сол үшін ол Розадан қазіргі күні өзекті және Розаның бақылауына ішінара көнетін бір проблеманы таңдауды өтінді. Психолог «Анам ауырып қалуы мүмкін» деген сияқты проблеманы таңдау орынсыз екенін түсіндірді, себебі, мұндай жағдай орын алуы мүмкін, бірақ әлі болған жоқ. Оған қоса анасының денсаулығы Розаға мүлдем дерлік тәуелді емес;</p>
 <p>МЕН САБИНАНЫ КІНДЕ БОЛҒАНДА ӘРСЕНГЕ КІМ ҚАРАЙ АЛАДЫ ?</p>	<p>Роза Сабинаға барғысы келетінін, бірақ Әрсенді кіммен қалдыратынын білмейтінін түсіндірді. Психолог сол проблеманы шешу үшін алдымен баға беруге тырыспай, өздері ойлап таба алатын барлық мүмкін жолдарды тізіп шығуды ұсынды;</p>




Роза үш мүмкін шешімді ұсынды:

- A. Өзі Сабинаникінде болғанда Әрсенге қарау үшін енесінен үйге келуді өтіну;
- B. Өзі Сабинаникінде болғанда Әрсенге қарау үшін оны ененісінің үйіне апару;
- C. Әрсен үйде Розамен бірге қалуы үшін Сабинадан үйге шақыру;



Психолог Розадан тағы да басқа жолдарды ойлап таба алатынын сұрады, сонда Роза тізімге тағы біреуін қосты:

Мадинадан (ата-аналарға арналған бағдарламаға қатысушыдан) Әрсенге қарай тұруды өтіну. Мадинаның да Әрсенмен қатарлас ұлы бар. Мадина мен Роза олардың біреуі демала алуы үшін екіншісі баласына қарап бере алатынын талқылаған болатын;



Тізім жасалып біткенде психолог Розадан проблеманы шешудің қай жолы бәрінен де тиімсіз екенін анықтауды өтінді.


Роза енесінің бос уақыты өте аз екенін айтты;



Психолог Розадан қалған екі жол туралы ойланып, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерінің тізімін жасауды өтінді. Тізім келесідей болып шықты:

	АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ:	КЕМШІЛІКТЕРІ:
Сабинаны үйге шақыру (сонда Әрсен менімен бірге үйде қалады)	<ul style="list-style-type: none"> - Маған Сабинаның үйіне жету үшін жолға уақыт шығындаудың қажеті жоқ; 	<ul style="list-style-type: none"> - Сабина менің үйіме келуге тиіс болады; - Маған Сабинаның үйіне жаяу серуендеп барған ұнайды; - Мен Әрсенді бір сәтте назарымнан тыс қалдыра алмаймын;
Мадинадан Әрсенге қарай тұруды өтіну	<ul style="list-style-type: none"> - Егер Әрсеннің есірігі ұстаса, Мадина не істейтінін біледі; - Әрсен Мадинаның ұлы Назармен бірге уақыт өткізе алады; 	<ul style="list-style-type: none"> - Келесі жолы маған оның ұлына қарауға тура келеді; - Мадинаға өтініш айту ыңғайсыз, себебі, курс аяқталғаннан кейін көріспегелі көп болды;

Психолог Розадан ең жақсы болып көрініп тұрған шешімді таңдауды өтінгенде ол «Мадинадан Әрсенге қарай тұруды өтіну» нұсқасын таңдады. Содан кейін психолог сол шешімді жүзеге асыру үшін қажетті қадамдарды нақты көрсетіп, іс-қимылдар жоспарын жасауды өтінді. Роза Мадинаға күндіз қоңырау шалып, Әрсенге қарай алатынын сұрауға бел буды.



Роза Мадинаға күндіз қоңырау шалып, Әрсенге қарай алатынын сұрау туралы шешім қабылдады;




Роза жоспар жасау оған азырақ мазасыздануға, өзіне және отбасына жақсырақ күтім көрсетуге көмектесе алатынын түсіне бастады. Роза психологқа баруын жалғастырып, өзін жақсырақ сезіне бастады;

Айтыңыз:	Ата-аналарға арналған буклеттің 17-бетіндегі негізгі хабарламаға қарайық.
-----------------	---


№3 негізгі хабарлама

ЕГЕР ПРОБЛЕМАНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫН ІЗДЕСЕҢІЗ, ШЕШІМІН ТАБАСЫЗ

Нақты бар, қазіргі күні өзекті және бақылауыңызға көнетін проблеманың шешімін табу үшін келесі қадамдарды орындаңыз:



1. Мейлінше көп мүмкін шешімдерді ойлап табыңыз



2. Жарамайтын шешімдерді шығарып тастаңыз

• Мен Мадинадан өтіну:		• Сабина маған келеді:	
Артықшылығы	Кемшілігі	Артықшылығы	Кемшілігі
1	1	1	1
2	2	2	2

3. Қайсысы ең жақсысы екенін шешу үшін қалған шешімдердің артықшылықтары мен кемшіліктері туралы ойланаңыз

• Мадинадан өтіну
ЖОСПАР:
• Мадинаға хабарласып, сөйлесу

4. Тым болмаса бір шешімді таңдап, аса айқын және нақты іс-қимылдар жоспарын жасаңыз



5. Жоспарыңызды іс жүзінде орындап көріңіз!

Сұраңыз:

Сұрақтарыңыз бар ма? Ата-аналарды бір-біріне жауап беруге ынталандырыңыз.

ТОПТЫҚ ЖҰМЫС «Проблемаларды шешу практикасы»

Буклеттерді жинап алыңыз. Жадынаманы таратыңыз (9-сабақ)
Естеріне салыңыз, жадынамада ата-аналар бүгін зерделеген барлық негізгі хабарламалар мен ұсыныстар топтастырылған.
Ата-аналарға және отбасы мүшелеріне жадынаманы үйде пайдаланған ыңғайлы болады.

<p>Практиканы түсіндіріңіз:</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Серіктес табыңыз (қажет болса, үш адамнан тұратын топ құруға да болады). 2. Бірге сөйлесіп, шешімін табу үшін жұмыс жасайтын проблеманы таңдаңыздар. <ul style="list-style-type: none"> ○ Алдағы айларға қойған мақсаттарыңыз туралы және қандай проблемаларға тап болатындарыңыз мүмкін екені туралы ойланыңыздар; ○ Ол дәл қазір болып жатқан және сіздің бақылауыңыздағы бір проблема болуы тиіс; ○ Осы тапсырма үшін әр топ тек бір проблемамен ғана жұмыс жасайды; 3. Проблемаңыздың шешімін табу үшін Розаның оқиғасында келтіріген нұсқауларды және негізгі хабарламаларды орындаңыз. 4. Проблеманы бірігіп шешуге сіздерде 10 минут болады, содан кейін топта сөйлесеміз. 5. Егер не істеу керек екенін білмесеңіз немесе қандай проблеманы таңдау дұрыс екеніне сенімсіз болсаңыз, мамандар ұсыныстар бере алады.
<p>?</p>	<p>Сұрақтарыңыз бар ма?</p>

22

Осы жаттығу кезіндегі сіздің әрекеттеріңіз

- Топтық жұмыс басталғанға дейін барлық нұсқаулықтарды түсіндіріңіз;
- Жұмыс жасау уақытын анықтаңыз және ата-аналарға талқылауды қашан аяқтау керек екенін айтыңыз;
- Жаттығу соңында екі немесе үш топтан проблеманы қалай шешкенін айтып беруді өтініңіз және бар білгендерімен бөлісуді ұсыныңыз;
- Топты ұжым болып жауап беруге ынталандырыңыз;

8. САБАҚҚА ШОЛУ ЖАСАУ ЖӘНЕ ҮЙ ПРАКТИКАСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ (20 минут)

ҚОРЫТЫНДЫ ТАЛҚЫЛАУ



БҮКІЛ КУРСТЫҢ НЕГІЗГІ ХАБАРЛАМАЛАРЫНА ЖӘНЕ ҰСЫНЫСТАРЫНА ШОЛУ ЖАСАУ

<p>Түсіндіріңіз:</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Қазір жұптасып жұмыс істеп көреміз. Топтарыңызды қала беруге немесе ауысуға болады; • Сіздерге бүкіл курс бойына ең маңызды және ұнамды сабақтарды өзара талқылау керек; • Бүкіл курстағы негізгі хабарламаларды және ұсыныстарды еске түсіріңіздер; • Қай негізгі хабарламаны немесе ұсынысты өз отбасыңыз үшін ең маңызды немесе орындау үшін ең қиын деп санайсыз? <p>Жұбыңызбен келесі сұрақтарды талқылаңыздар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балаңызға қосымша көмек керек екенін қалай білесіз? - Егер балаңызға қосымша көмек керек болса, әрі қарай не істейсіз? - Балаңызға азырақ көмек керек екенін қалай білесіз?
	<p>Сіз әрдайым ата-аналарға арналған жадынамадағы қажетті ақпаратты және суреттерді қарай аласыз.</p>
<p>Маманға: Талқылауды жеңілдету үшін барлық ұсыныстарды тақтаға немесе қабырғаға іліп қоюға болады.</p>	

<p>Үй практикасын түсіндіріңіз</p>	<p>Ата-аналардың жұмыс дәптерінің 29-бетін ашыңыз. Мен үй практикасын түсіндіремін.</p> <p>1. Балалардың дағдыларын дамыту:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Өзіңіз жұмыс жасап жатқан әр үй тәртібі үшін 2-3 жаңа қадам ойлап табыңыз. <p>Келесі апта ішінде сол қадамдардың тым болмаса біреуін балаңызға үйрете бастауды жоспарлаңыз.</p> <p>2. Өзіңізге күтім жасау:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жеке өзіңіз үшін бір ұнамды істі таңдап, сол іске күнара кем дегенде 5 минут бөлуді жоспарлаңыз; • Ол өзіңізге жақын адаммен сөйлесу, ән салу, басқалар үшін бірдеңе істеу немесе жалғыз қалып, 5 минут тыныштықта отыра тұру, т.б. сынды өте қарапайым әрекеттер болуы мүмкін; <p>3. Соны қашан істейтініңізді жоспарлаңыз және ұмытып кетпеу үшін не істейтініңізді талқылаңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Әр серіктестің сіздің сұрақтарыңызға жауап беруге мүмкіндігі болуы тиіс. Талқылауға және жоспарлауға сізде 2 минут болады; <p>4. Алдағы айлардағы мақсаттарыңыз туралы ойланыңыз:</p>
---	--

	<p><i>мақсаттарыңызға жету үшін не істейсіз, сізге кім көмектесе алады, қандай проблемаларға тап болуыңыз мүмкін?</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • <i>Маман келесі рет үйге бару кезінде сізге сондай жоспарды жасау көмектесе алады?</i>
Айтыңыз:	<i>Естеріңізге саламын, тағы 1 рет үйге бару болады.</i>
Айтыңыз:	<ul style="list-style-type: none"> • Кейде курс аяқталғаннан кейін ата-аналар қарым-қатынас жасауды жалғастырғысы келіп, топ қатысушыларымен кездесуді жоспарлайды; • Сіздер ерекше жағдайдасыздар және бір-біріңіздің проблемаларыңызды және қиындықтарыңызды түсіне аласыздар әрі өзара қолдау көрсете аласыздар; • Егер тағы кездескілеріңіз келсе, бірнеше адам ұйымдастыру мәселелерін қолға алғаны, байланыс мәліметтерін жинағаны, келесі кездесудің уақыты мен күнін анықтағаны жақсы болар еді; • Біз ата-аналар тобын ұйымдастыру бойынша барлық қажетті ақпаратты ұсынуға дайынбыз;

Өзге медициналық проблемалары бар балаларға күтім көрсететін тұлғаларға арналған қосымша ұсынымдар:

- Өзімізге күтім жасау балаларға күтім көрсететін барлық тұлғалар үшін, әсіресе, даму ерекшеліктері және ілеспе медициналық проблемалары (қосарлас бұзылыстары) бар балаларға күтім көрсететіндер үшін маңызды;
- Қосарлас бұзылыстары бар балалардың ата-аналары үшін ұқсас қиыншылықтарға шалдыққан балалардың ата-аналарымен қарым-қатынас жасау пайдалы болуы мүмкін;
- Ата-аналар эпилепсия және церебралды сал ауруы сияқты сырқаттар туралы соқыр сенімдерге және жаңсақ пікірлерге тап болуы мүмкін, соның салдарынан ата-аналардың және олардың балаларының аман-саулығына әсері тиюі ықтимал;

24

Егер сіздің оқыту курсыңызда сертификат тапсыру жоспарланған болса:

9. ҚОСЫМША: СЕРТИФИКАТТАР ТАПСЫРУ (15 МИНУТ)

- Сертификатты ата-ананың әрқайсысына тапсырыңыз;
- Әр отбасынан олардың пікірінше өмірлерінде орын алған бала үшін бір жақсы сәтті, отбасы мен ата-аналар үшін бір жақсы естелікті атауын өтініңіз;
Егер ата-аналар отбасы мүшелері мен достарын ертпей келсе, жүргізушілер өздері байқаған жақсы тұстарды айтып кете алады;
- Барлық сертификаттарды тапсырғаннан кейін, егер тиісті дайындық жасалса, ата-аналарға бірге шай ішуді ұсынуға болады;